

Информатика кафедрасының ғылыми-әдістемелік семинары
жұмысының 2021-2022 оқу жылы бойынша жыл бойы атқарған жұмыстарының

ЕСЕБІ

Информатика кафедрасында әр ай сайын бекітілген жоспар бойынша кафедраның ғылыми-әдістемелік семинары өткізіліп отырды.

Қыркүйек айында кафедраның ғылыми-әдістемелік семинар тақырыптары талқыланып, жоспарланды. Семинарда кафедра оқытушыларының семинарда өткізілетін ашық шараларының тақырыптары жоспарланып, талқыланды.

Семинарда сөз алған кафедра мүшелері өз сөздерінде қашықтан білім беруге байланысты студенттердің ғылыми зерттеу жұмысының дәрежесі төмендеп кеткенін, соған байланысты семинардың бір жұмысын да сол мәселені қарастыру қажеттігін, сонымен қатар қашықтан білім беру платформалары мен әдістерін әлі де болса жетілдіріу қажеттігін, былтырғы ұйымдастырылған түлектермен кездесу шарасын қайталап ұйымдастыру қажеттігі жайында ұсыныстарын айтты. Семинар жұмысында қазіргі кездегі өзекті мәселелердің бірі болып табылатын пәнді ағылшынша өткізу әдістемесімен бөлісетін шараларды ұйымдастырып, АКТ пәнінен оқу әдістемелік кешенді қайта жаңғырту және толықтыру қажеттігі жайында айтылып, оқу әдістемелік кешен тақырыптары қайта жаңғыртып, толықтыру үшін кафедра оқытушыларына бөлініп берілді.

Семинар барысында кафедра мүшелері семинарда қаралатын мәселелер мен тақырыптар жайында өз пікірлерін ортаға салды.

Қазан айының 27-сі күні информатика кафедрасының ғылыми-әдістемелік семинары аясында «Студенттердің ғылыми зерттеу жұмысын ұйымдастыру мәселелері» тақырыбы бойынша дөңгелек үстел өткізілді.


Шара кафедра ББ студенттерінің ғылыми зерттеу жұмысын ұйымдастыру мәселелерін талқылау және СҒЗЖ ұйымдастыру тәжірибесімен бөлісу мақсатын көздеді.

Алдымен сөз алған т.ғ.д. профессор Гумаров Ғ.С. студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысының (СҒЗЖ) үздіксіз жүйесі үштұғырлы білім беру процесінің ажырамас бөлігі болып табылатынын айта келіп, СҒЗЖ ұйымдастыру мен жүргізудің негізгі мақсаты түлектердің дайындық сапасын арттыру болып табылатынына және

ЖОО-да оқытудың барлық сатыларында студенттерді ғылыми жұмысқа тарту жоғары білікті жас ғалымның қалыптасуына

бағытталғандығына тоқталып өтті.

Гумаров Ғ.С. 4-курстың 7-семестрінде «Ғылыми зерттеу негіздері» пәнін оқытатынын және бұл пәнде келесі сұрақтар қарастырылатынын атап өтті:



- ұғымдық аппаратпен және ғылыми зерттеуді ұйымдастыру және қою әдістерімен танысу;
- ғылыми-техникалық ақпаратты іздеу және өңдеу дағдыларын дамыту;
- студенттерді теориялық және эксперименттік зерттеудің заманауи әдістерімен таныстыру;
- СҒЗЖ өткізу бойынша өзіндік жұмыс дағдыларын дамыту.

Сонан соң, баяндамашы пәнді оқу үрдісінде қалыптасатын құзыреттіліктер мен курс аяқталғаннан кейін студенттер бойында қалыптасатын практикалық дағдыларға тоқталып өтті.

Сөзінің соңында Гумаров Ф.С. бұл пәнді 4- курста емес, 2- курстың 4- семестрінде немесе 3-курстың 5- семестрінде оқытуға жоспарлап, пәннің жұмыс оқу жоспарына өзгеріс енгізсе деген өз ұсынысын айтты. Пәнді төменгі курста оқыту арқылы студенттерді ғылыми жұмысқа ертерек бейімдеуге болатынына тоқталды.

Дөңгелек үстел барысында кафедраның СҒЗЖ жетекшісі, аға оқытушы, магистр Курмашева Д.Н. сөз алды. Ол өз сөзінде студенттердің ғылыми зерттеу жұмыстарына сипаттама беріп, кафедрадағы жасалып жатырған жұмыстардың ахуалына тоқталды. Студенттердің байқауларға, конференцияларға және



олимпиадаларға қатынасу деңгейі туралы сөз қозғалды. Осы оқу жылының қазан айында барлық білім беру бағдарламалары бойынша жеті студенттің мақалалары баспадан шыққаны туралы мәлімдеді. Сонымен қатар, студенттердің ғылыми зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруда пайда болатын мәселелер қозғалды. Студенттерді ғылыми жұмыстарға

баулу үшін жасалатын алғы шарттар айтылып, оларға мотивация беру, ізденісін бақылау, топпен жұмысқа үйрету, аудиторияның алдында сөйлеуге үйрету сияқты мәселелеріне тоқталып өтті.

Қорытынды сөзді п.ғ.к., доцент А.Б. Медешова түйіндеді. Ол өз сөзінде студенттердің ғылыми зерттеу жұмысымен айналысуына көп көңіл бөлу қажеттігін айта келіп, олардың ғылыми мақала мен баяндама тезисін жазуда, курстық жұмыс пен дипломдық зерттеу жұмысын жазуда үлкен қиыншылықтарға тап болып жүргеніне тоқталды. Осы мақсатта т.ғ.д. профессор Ф.С.Гумаровпен авторлық бірлестікте бітіруші курс студенттерінің дипломдық жұмысын дайындауға арналған әдістемелік құралдың дайындалып жатқанын айтты.

Семинар барысында А.Б. Медешованың ұсынысымен пәндік олимпиадаға студенттерден команда құрылып, олимпиадаға және Республикалық ғылыми зерттеу жұмыстарының байқауына студенттерді дайындау үшін жетекшілер тағайындалды.

Қорыта айтқанда, кафедра мүшелеріне студенттерді пәндік олимпиадаға және Республикалық ғылыми зерттеу жұмыстарының байқауына дайындау және студенттермен бірігіп Халықаралық, Республикалық конференцияларға мақала жариялау міндеті жүктелді.

Семинар бойынша мақала «Круглый стол, проведенный на кафедре информатики» деген атпен БҚУ сайтында жарияланды. Сайт адресі: <https://wku.edu.kz/kk/poisk/arkhiv-novostej/408-kruglyj-stol-provedennyj-na-kafedre-informatiki>

www.edu.kz/.../408-kruglyy-stol-provedennyj-na-kafedre-informatiki

Сабак кестесі БҚУ ресурстары Call-орталық Қазақша

БҚУ ТУРАЛЫ ОҚУА ТУСУ ОҚУ ҒЫЛЫМ МАХАМБЕТ LIFE ҒЫНТАМАҚТАСТЫҚ

Еңдік айналымы Вел жөніндегі уәкіл Үздік қызметкерлер Күндiгi ҚО Жалғұз 2021

СВ мұддасы: Басты бет | Іздеу | Жаңалықтар мұрағаты | Круглый стол, проведенный на кафедре информатики

Талапкерлерге Студенттерге Түлектерге Оқытушыларға Ата-аналарға Жұмыс берушілерге

Круглый стол, проведенный на кафедре информатики

27 октября в рамках научно-методического семинара кафедры информатики был проведен круглый стол на тему: «Проблемы организации научно-исследовательской работы студентов».

Целью мероприятия было обсуждение вопросов организации научно-исследовательской работы студентов ОП кафедры и обмен опытом в организации НИРС.

В ходе круглого стола д.т.н., профессор Гумаров Г.С. в своем выступлении отметил, что непрерывная система научно-исследовательской работы студентов (НИРС) является неразрывной составляющей триединого образовательного процесса: учебно-воспитательного, научного и практического. Основной целью организации и ведения НИРС является повышение качества подготовки выпускников. Привлечение студентов к научной деятельности на всех стадиях обучения в вузе призвано к становлению высококвалифицированного специалиста, предпринимателя, формирования молодого ученого.

Студенты 4 курса всех специальностей кафедры в 7 семестре изучают курс «Основы научных исследований». В ходе изучения курса «Основы научных исследований» проводятся:

Семинар туралы материал келесі адреспен инстаграмм желісінде жарияланды: https://www.instagram.com/p/CVuxi9vMw4a/?utm_medium=share_sheet

Сонымен қатар, «Басты мақсат-ғылымға жетелеу» деген атпен БҚУ-дың Өркен газетінің №10(980) 30.11.21ж.санында жарияланды.

Басты мақсат - ғылымға жетелеу

Информатика кафедрасының ғылыми-әдістемелік семинары аясында «Студенттердің ғылыми зерттеу жұмысын ұйымдастыру мәселелері тақырыбы бойынша дөңгелек үстел өтті».

Шара кафедрасының студенттерінің ғылыми зерттеу жұмысын ұйымдастыру мәселелерін талқылау және СҒЗЖ ұйымдастыру тәжірибесімен бөлісу мақсатын көздеді.

Ақшынмен сөз аспан т.ғ.д., профессор Гумаров Г.С. студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысының (СҒЗЖ) үздіксіз жүзеге асырылуы білім беру процесінің ажырамайтын бөлігі болып табылатынын айта келіп, СҒЗЖ ұйымдастыру нысанының негізгі мақсаты түлектердің дайындық сапасын арттыру болып табылатынын және ЖОО-да оқитұрған барлық сабақтарында студенттердің ғылымға жетуге тарту жоғары болігі жас ғылымның қалыптасуына бағыттағандығына тоқталып өтті.

Дөңгелек үстел барысында кафедраның СҒЗЖ жетекшісі, аға оқытушы, магистр Құрманжан Д.Н. сөз алады. Ол өз сөзінде студенттердің ғылыми зерттеу жұмыстарына сәттілік сыйлау мақсатында қажетті жағдайларды жасауға зор маңыздылығын атап өтті.

Сонымен қатар, студенттердің ғылыми зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруда пайда болатын мәселелер қозғалды. Студенттердің ғылыми зерттеу жұмыстарына бөлу үшін жасалатын алғы шарттар айтылып, оларға көмекші беру, оқидан бөліну тоқпен жұмысқа үйрету, аудиторияның алдында сөйлеуге үйрету сияқты мәселелеріне тоқталып өтті.

Қорытынды сөзді т.ғ.д., доцент А.Б. Мәдешова түйіндеді. Ол өз сөзінде студенттердің ғылыми зерттеу жұмысымен айналысуға жеткілікті бөлу қажеттігін айта келіп, олардың ғылымға маңдай мен бағдарына тоқпен қарау, құрылымдық тәсілдермен зерттеу жұмысын жасауда ұтып қимылыстары тап болып жүргенін тоқталды. Қорыта айтқанда, кафедра мүшелеріне студенттердің пайдалануына және Республикалық ғылыми зерттеу жұмыстарының байқауына дайындалу және студенттермен бірігіп қалыптасуы, Республикалық конференцияларға мақала жариялау мәселесі жөнінде:

Г.С. МАХАМБЕТОВА, кафедраның ГРС-ның жетекшісі

УЧЕБНИК ОПУ ВОДИ ГАЛИ И ГАПІ НА ИССЛЕДОВАНИЕ ВОДОЕМОВ И ОЗЕР

С ноября 2020 года реализуется проект грантового финансирования Комитета науки Министерства образования и науки на тему АР08856374 «Оценка состояния гидробионтов и микробиома водоема Западного Казахстана и прогноз их изменения», в рамках которого весной 2021 года был проведен выезд для осуществления полевых гидробиологических и геоботанических исследований на озерах Буруново (Байтерекский р-н), Шалкар (Практический р-н), Ступино, Сорголь (Чингирлауский р-н), Глубинное (Ақжолский р-н), Еділдер, Айдыл, Сары Айдыл (Жанакалинский р-н), Рыбный, Сарыыл, Сарыылт анаксове водохранилища (Балтауский р-н), Прова (Іле-Жалаев). Собраны образцы прибрежных водных растений, отобраны пробы фитопланктона.



Главным индикатором трофического статуса водоемов является фитопланктон. При повышении трофичности водоемов происходит увеличение биомассы синезеленых и желтозеленых водорослей, а доли диатомовых и ооцистных синезеленых.

Суммарная площадь поверхности озер Западно-Казахстанской области более 908 кв. км. Здесь насчитывается 3260 озер, но только 84 имеют площадь зеркала более 1 кв. км. Прочные озера занимают около 35%, соленые озера - 40% и на долю пересыхающих озер приходится 25% общей площади. Для ЭКО характерно наличие многобассейновых и внутримассовых колебаний увлажненности, с чем связана периодичность колебания уровня воды в озерах. В ходе реализации проекта установлено, что зоопланктон характеризуется высоким разнообразием. (76 таксонов) относящихся к 3 группам. Высокой численностью сообщества (81.8%) формировали колораты с доминирующими видами Brachionus и Mesocyclops (23.7%). Минимальное число видов в зоопланктоне было у актиноустовых (16.6%). Проведенный гидробиологический исследование образцов пробы воды озер: Шалкар, Глубинное, Прова, Сарыыл, Еділдер, Айдыл, Буруново, выявила свидетельствует о высокой засоренности, повышенном содержании антропогенных, минерализациях: жесткости, перманентной жесткости.

В ходе данного этапа проекта для металеномого анализа были отобраны образцы воды с озер Айдыл, Балықты Сарыыл и Буруново. Водная экосистема – это природный объект, который является единством взаимосвязанных среды и обитающей в ней биоты. Идоловой состав и количественные показатели развития гидробионтов является объективным показателем состояния водоема, его трофичности, степени загрязнения его вод.

12 января күні т.ғ.к., «ҚР тарихы» кафедрасының аға оқытушысы Мұхаметжанов Жанар Қажымқанбетованың және БҚУ Дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығының» ІММ дін мәселелері бойынша ақпараттық түсіндіру жұмыстары белініні дінтанушы маманы Қуан Арнат Құлыбетовтың ұйымдастыруымен Іст-ті тобына арналған «Дін – тәрбие дңірегі» атты кураторлық сабақ өтті. Шараың мақсаты – студенттерді қазақ қалқының діни ұстанымы мен салт-дәстүрлерін қағдарлау сабаққа баулу, ұрпақтар сабақталытын ымырағуға ат салысу.

Дін – тәрбие дңірегі

Кураторлық сабақ барысында ислам дінінің ұлттық тәрбиесіндегі қыметі меніңді байырлық мәселеліп, «дін», «намыс-сәмия», «конфессия», «сәят», «экстремизм», «терроризм» және т.б. Ұндыдағы тәсілдер берілді. әлемдік негізгі дін тармақтары – ислам, христіан, буддизм-дңірсөзін қалыптау, даму тарихы мен қазіргі таңда ортадағы рөлі талданылды.


30.11.2021ж. күні информатика кафедрасында “Онлайн интерактивті тақталар- кері байланыс жүргізу құралы” тақырыбы бойынша ғылыми- әдістемелік семинарының кезекті отырысы өткізілді. Семинарды п.ғ.к., доцент Медешова А.Б. шеберлік класы форматында жүргізді. Семинар мақсаты болып қазіргі заман талабына сай қашықтан оқыту жағдайында студенттермен кері байланыс жасаудың онлайн интерактивті тақталарды қолдану тәжірибесімен бөлісу саналды.

Семинарға информатика кафедрасының мүшелері, сондай-ақ магистранттар мен И-41 тобының студенттері қатысты. Семинар барысында Айгүл Бақтығалиқызы семинар барысында қашықтан оқыту форматының дәстүрлі оқытуға қарағанда өзіндік ерекшеліктері бар екеніне, қашықтан оқытудың online және offline режимдерінде оқытушы мен студент арасындағы қарым- қатынасты белсенді етуге

арнайы дайындық қажеттігіне тоқталып өтті. Қашықтан оқытуда онлайн интерактивті тақтаны қолдану оқытушыдан заманауи программалық қамтамасыз етуді меңгеру мен әдістемелік дайындықты қажет ететінін айта келіп, қашықтан оқытуда кері байланыс жүргізу құралы ретіндегі өз тәжірибесінде қолданылып жүрген онлайн интерактивті тақталарға тоқталды. Бұған дейін қашықтан оқыту режимінде жиі қолданылып келген ZOOM платформасының тақтасынан басқа көптеген онлайн интерактивті тақталардың бар екенін айта келіп, олардың жұмыс жасау режимдерін SlidesMania интерактивті презентация көмегімен демонстрациялады. Атап айтатын болсақ, Padlet, Jamboard, PollEverywhere, Miro т.б.

Семинар барысында оған қатысушылармен онлайн тақталарда кері байланыс ұйымдастырылып, Padlet тақтасында комментарий жазу, PollEverywhere тақтасында қысқа жауаптарды шапшаң енгізу, Miro тақтасында рефлексия жасау сияқты практикалық жаттығулар орындалды.

Семинарға қатысушылар өз білім қоржындарына әдістемелік жағынан да, практикалық жағынан да пайдалы материал жинағанын айта келіп, әрқашан талмай еңбектеніп, жаңалықтың жаршысы болып жүретін Айгүл Бақтығалиқызына алғыстарын білдірді.



Кафедрада FӨС аясында өткізілген мұндай өзекті тақырыптағы мол тәжірибемен жинақталған шеберлік класының оқу үдерісінде қолданысқа ие болары сөзсіз.

Семинар туралы мақала БҚУ сайтында жарияланды. Сайт адресі: <https://fim.wku.edu.kz/kk/novosti/18-informatika-kafedrasny/280-onlajn-interaktivti-ta-talar-keri-bajlanys-zh-rgizu-raly-ta-yryby-bojynsha-sheberlik-klassy-2>

Сонымен қатар, мақала БҚУ-дың Өркен газетіне басылымға жіберілді.

14.01.2022ж. күні информатика кафедрасының ғылыми- әдістемелік семинары аясында “Түлектердің әдістемелік қалыптасуындағы проблемалар мен ұсыныстар” атты дөңгелек үстел өткізілді. Оған физика- математика факультетінің деканы э.ғ.к., доцент Д.Б.Абулкасова, кафедра оқытушылары, 2016, 2017 және 2021 жылы информатика мамандығын бітірген Ақтөбе, Атырау, Орал қаласының және ауыл мектептерінің түлектері және 3,4- курс студенттері қатысты. Дөңгелек үстел Google Meet платформасында ұйымдастырылды.

Дөңгелек үстелдің шымылдығы М.Өтемісов атындағы БҚУ туралы бейне фильмді демонстрациялаумен ашылды. Содан кейін түлектер университет қабырғасында жүрген студенттік күндері мен қазіргі кездегі қызметтерін бейне фильм арқылы көрсетті.




Сонан соң түлектер дөңгелек үстелдің негізгі тақырыбы бойынша сөз алып, өз ойларымен бөлісті.

Семинар соңында студенттер атынан ақпараттық жүйелер мамандығының 4-курс студенті Еслямғали Еламан және информатика мамандығының 3-курс студенті Орынғали Аружан сөз алып, осындай пайдалы шараны өткізген кафедра ұжымына алғыстарын айтып, түлектерге жұмыстарына табыс тіледі.

Семинар барысында п.ғ.к, доцент А.Б. Медешова сұрақтар қойып, түлектердің еркін пікір алмасуына атсалысып, белсенділік танытты.

Соңында физика-математика факультетінің деканы Д.Б.Абулкасова сөз алып, семинар онлайн форматта өткізілсе де, бір бірімен сағына көріскен кафедра оқытушылары мен 6 жыл бұрын бітірген түлектердің арасында байланыс пен белсенділіктің жеткілікті деңгейде орын алғанын айтып, түлектердің алдағы қызметіне толағай табыстар мен биік



жетістіктер тіледі.

Қорыта айтқанда, екі жыл қатарынан дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан айтулы тақырыптағы семинар түлектердің маман болып әдістемелік қалыптасуындағы проблемаларды айқындап, оларды оқу үдерісін жоспарлағанда ескеру қажеттігі назарға алынды. Кафедра мамандықтарының оқу жоспарына «Python бағдарламалау тілі», «Робототехника» пәндерін тереңдетіп оқытуға көңіл бөлінуі соның айғағы болып табылады. Сонымен қатар осы бағытта кафедрада атқарылған жұмыстың нәтижесінде алынған лицензия бойынша «Информатика және робототехника» мамандығына алдағы оқу жылынан бастап студенттерді қабылдау жоспарланып отыр.

Семинар туралы мақала 2 тілде БҚУ сайтында жарияланды: <https://wku.edu.kz/kk/poisk/arkhiv-novostej/451-t-lekterdi-distemelik-alyptasuyn-da-y-problemalar-men-synystar> <https://fim.wku.edu.kz/kk/novosti/18-informatika-kafedras-y/282-informatika-kafedrasyn-da-tkizilgen-t-lekterdi-distemelik-alyptasuyn-da-y-problemalar-men-synystar-atty-seminar> Сонымен қатар, мақала «Проблемы и рекомендации в методическом формировании выпускников» деген атпен Өркен газетінің №1 (982) 31 қаңтар 2022 ж. санында басылып шықты (<https://wku.edu.kz/images/gazetaorken/2022/1-22.pdf>).

Панорама №1 (982) 31 қаңтар 2022 жыл

В рамках научно-методического семинара кафедры информатики был проведен круглый стол на тему: «Проблемы и рекомендации в методическом формировании выпускников». В нем приняли участие декан физико-математического факультета, к.с.н., доцент Абулкасова Д.Б., преподаватели кафедры, выпускники сельских школ г. Уральска, Атырау, Актөбе, окончившие специальность «Информатика» в 2016, 2017 и 2021 году, а также студенты 3,4 курсов. Круглый стол был организован на платформе Google Meet.

ПРОБЛЕМЫ И РЕКОМЕНДАЦИИ В МЕТОДИЧЕСКОМ ФОРМИРОВАНИИ ВЫПУСКНИКОВ

Круглый стол был открыт показом видеоролика о ЗКУ им. М. Утемисова. Затем выпускники продемонстрировали в видеоролике свою студенческую жизнь и деятельность в стенах университета.

Затем выпускники выступили по основной теме круглого стола и поделились своими мнениями. Сначала слово было предоставлено выпускникам 2016г.

Жиеналиев Талғат Армақұлы. В своем выступлении он отметил, что в Уральске работает программистом-электронщиком в компании ТМК – Казгрупп и знание языка программирования, освоенного в университете, пригодилось ему. В настоящее время он работает в техническом направлении с программами: Step7, LAD, STL, FBD.

Қуат Алтын Қуатқызы. Живет и работает в ЗКО, Акжайыкский район, с. Аксуат, СОШ им.С. Ошанова, учитель информатики, педагог-модератор. В своем выступлении она остановилась на трудностях, с которыми ей пришлось столкнуться в начале своей трудовой деятельности в школе. Это: 1) обучение школьников

Шәкіртақы

Академик Шахмардан Есенов атындағы ғылыми білім беру қоры 27 000 теңгеден тұратын 20 студенттік шәкіртақы байқауын жариялайды.

Бағдарлама қатысушылары: қазақстандық университеттерде жаратылыстану-ғылыми, техникалық, медициналық және IT мамандықтары бойынша бакалавриаттың 2-3 курс және магистратура мен интернатураның 1-курс студенттері, 18 жасқа толған Қазақстан азаматтары.

Гранттар саны: 20

Ш. Есенов атындағы шәкіртақы Байқауына қатысу үшін үміткер:


Қордың yessenovfoundation.org сайтында онлайн-өтінімді толтыруы және келесі құжаттарды ұсынуы қажет...

Міндетті құжаттар:

- Жеңе күәлік көшірмесі;
- «Қазіргі әлемде кәсіпқой маман болу оңай ма? Бұған не кедергі келтіреді және не ықпал етеді?» атты тақырыпқа эссе/ауақдемелік хат. (Microsoft Word форматында);
- Транскрипт (орта балл 3,0 кем емес);
- Бакалавриатты бітіргені туралы диплом (магистратура мен интернатура студенттері үшін);
- Қосымша құжаттар:
- Ғылыми сертификаттар/дипломдар – 2 сертификаттан көп емес;
- Әлеуметтік белсенділіктеріңіз үшін сертификаттар – 3 сертификаттан көп емес;
- Жарияланымдар – 2 жарияланымнан көп емес.

08.02.2022ж. күні физика-математика факультетінің «ЖОО –да және мектепте математиканы, физиканы және информатиканы оқытудың заманауи тәсілдері» тақырыбы

бойынша өткізілген апталығы аясында информатика кафедрасында “Халықаралық оқушы қабілетін бағалау бағдарламасының жүзеге асыру мәселелері” тақырыбы бойынша ғылыми-әдістемелік семинар отырысы өткізілді. Семинарда Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-интернатының математика пәнінің мұғалімдері және педагог-шеберлері Мусағалиева Гүлмирам Қуанышовна мен Тулешева Айнура Сарсекеновна, Асан Тайманов атындағы №34 мектеп-гимназиясы



директорының бағдарлы ісі жөніндегі орынбасары, информатика пәнінің мұғалімі Кадыржанова Римма Тлемисовна және М.Мәметова атындағы 27 мектеп-лицейі директорының әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары, информатика пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші Ибраева Алия Курманғалиевна спикерлер ретінде қатысып, өз тәжірибелерімен бөлісті. Семинарға әдістемелік жұмыс және білім беру технологиялары бөлімі жетекшісінің м.а. Абишева Ш.Б., бөлім әдіскері Тулегенова А.Ж., физика-математика факультетінің деканы ә.ғ.к., доцент Абулкасова Д.Б., физика, информатика кафедрасының оқытушылары, сонымен қатар, информатика ағылшын тілінде, математика-информатика мамандықтарының 3-курс студенттері мен магистранттар қатысты.

Семинар мақсаты болып Орал қаласы мектептері бойынша Халықаралық оқушы қабілетін бағалау бағдарламасының (PISA) жүзеге асыру мәселелерін талқылау және тәжірибемен бөлісу саналды. Семинар онлайн және оффлайн формада өткізілді.

Алдымен сөз алған Мусағалиева Г.К. халықаралық зерттеулер, оның ішінде PISA (programme for international Student Assessment) зерттеуі туралы мағыналы мәліметтер берді. Ол өз сөзінде үстіміздегі жылы біздің еліміздің 15 жастағы білім алушыларының функционалдық сауаттылығының

деңгейін бағалау мақсатында PISA-2022 зерттеуіне қатынасатынын айта отырып, PISA-2022 зерттеуінде математикалық сауаттылыққа және оқушылардың сыни ойлауына басымдылық берілгеніне тоқталып



өтті. Соған байланысты біздің еліміздің, соның ішінде Батыс Қазақстан облысының білім беру мекемелерінде халықаралық зерттеуге әзірлік жұмыстары жоспарлы түрде ұйымдастырылып, өткізіліп жатқандығы айтылды.

Сонан соң, Тулешева А.С семинарға қатысушыларға бұрынғы PISA зерттеулерінде берілген көптеген тапсырмалардың шешу жолдарын көрсетіп, өз тәжірибесімен бөлісті.

Семинар барысында Ибраева А.К. "PISA халықаралық зерттеу аясында оқушылардың ғылыми жаратылыстану сауаттылығын дамыту жолдары" атты тақырыпта өз тәжірибесін ортаға салды. Ол оқушылардың оқу барысында алған білімдері мен дағдыларын өмірлік жағдайларда қолдана білуге жасақталған тапсырмалардың түрлерімен таныстыра отырып, сол

арқылы жаратылыстану сауаттылығын дамыту жолдарын көрсетті және wordwall.net, learningapps.org сайттарындағы жаттықтырғыштармен жұмыс жасауды демонстрациялады.

Сонан соң сөзді *Кадыржанова Р.Т.* алды. Ол өз сөзінде PISA халықаралық зерттеуінің мәні, мақсаты мен нысанын аша отырып, XXI ғасырдағы сауаттылықтың басты бағыттары мен PISA бағалайтын оқу сауаттылығы, математикалық сауаттылық, жаратылыстану сауаттылығы, сандық сауаттылық, қаржылық, мәдени және азаматтық сауаттылық сияқты 4 бағытқа тоқталып өтті.

Семинар соңында қатысушылар спикерлерге сұрақтар қойып, кері байланыс жүргізілді. Нәтижеде ЖОО мен мектеп арасындағы байланыс жүзеге асып, семинарға қатысушылар өзекті тақырыптағы тренингтен өздеріне қажетті тәжірибе алып тарқасты.

Семинар бойынша БҚУ сайтында мақала жарияланды. Сайт адресі: <https://wku.edu.kz/kk/poisk/arkhiv-novostej/462-piza-inf>.

Сонымен қатар, мақала «Проблемы реализации международной программы оценки способностей учащихся (PISA)» деген атпен мақала Өркен газетінің №2 (983) 28 ақпан 2022 ж. санында басылып шықты.

Сайт адресі: <https://wku.edu.kz/images/gazetaorken/2022/2-22.pdf>

15- ақпан 2022ж. кафедраның ғылыми әдістемелік семинары аясында «Оқытуда мобильді қосымшаларды қолдану (*Использование мобильных приложений в обучении*)» тақырыбы бойынша шеберлік класы өткізілді. Семинар мақсаты болып студенттерге қазіргі заман талабына сай білім беруде мобильді қосымшаларды қолдану тәжірибесімен бөлісу саналды. Семинарды аға оқытушы, магистр *Акимова С.М.* және оқытушы, магистр *Пугачева И.Н.* жүргізді.

Акимова С.М. өз сөзінде оқытуда мобильді қосымшаларды қолданудың тиімділігін айта келіп, оны қолданушылардың санының жылдан жылға артып отырғандығына тоқталып өтті. Statistica.com сайты бойынша мобильді қосымшаларды қолданушылар санының статистикасын көрнекі түрде демонстрациялады. Ол мәлімет төменде көрсетілген.

Statistica.com сайт деректері бойынша қазіргі уақытта әлемде мобильді құрылғылардың 5,2 миллиард пайдаланушысы бар:

- 1.Адамдардың 74% - ы Android-ті қолданады
- 2.Адамдардың 25% - ы OS-ты қалайды,
- 3.Адамдардың 1% - дан азы KaiOS, Windows Mobile, Tizen сияқты "аутсайдерді" қолданады.

Содан соң, сөйлеуші мобильді қосымшаларды оқу процесінде сабақ кезінде де, қашықтықтан оқыту кезінде де қолдануға болатынын айта келіп, MS SQL Server деректер қорын оқытуда қолданылатын келесі қосымшаға тоқталып өтті.

Сөйлеуші семинарға қатысушыларға мобильді қосымшаға тіркелуді практикалық түрде демонстрациялады және келесі мәліметтермен бөлісті:

Формада логин мен пароль өрістері, сондай-ақ спам-бағдарламаларға қарсы тексеру өрісі бар. Егер пайдаланушы жүйеде тіркелмеген болса, онда тіркеу формасына көшу қарастырылған. Жүйеге тіркеліп, расталғаннан кейін пайдаланушы қайтадан қосымшаның авторизация экранына түседі. Жүйеде пайдаланушылардың екі рөлі бар: әкімші және студент, қосымшаға алғаш кірген кезде барлық пайдаланушылар студент рөлін алады. Содан кейін жүйе әкімшісі кез-келген пайдаланушыны әкімші етіп тағайындай алады, оған бірқатар мүмкіндіктер береді.

Содан кейін сөйлеуші авторизациядан кейін келесі суретте көрсетілгендей дәрістер тізімі бар қосымшаның негізгі терезесі ашылатын, дәрістер тізімі, олардың санына байланысты, тақырыптардың атаулары бар 8 белгішеден тұратын бірнеше терезеге бөлінетінін, экран бойынша жылжу үшін алға және артқа көрсеткі түймелері қолданылатынын көрсетті.

Семинар барысында сөйлеуші дәріс атауы бар белгішені басқан кезде дәріс pdf форматында жүктелетіні, бұл терезеде әр түрлі пайдаланушылар үшін бір маңызды айырмашылық бар екендігін, әкімші режимінде дәріс тақырыбының жанында дәрісті деректер қорынан жоюға мүмкіндік беретін себет белгішесі пайда болатынын айтып, нәтижені интерактивті тақтада көрсетті.

Пугачева И.Н. мобильді қосымшаның практикалық бөліміне өтуді және практикалық бөліммен қалай жұмыс жасауға болатынына тоқталып өтіп, студенттердің білімін бақылау үшін қорытынды тест жасау қалай жүзеге асатынын демонстрациялап көрсетті.

Семинар соңында оған қатысушы кафедра оқытушылары сөйлеушілер С.М. Акимова және И.Н. Пугачеваға сұрақтар қойды және қолданыстағы мобильді қосымшалар жайында өз ойларымен бөлісті.

Наурыз және сәуір айында информатика кафедрасында бекітілген жоспар бойынша ғылыми- әдістемелік семинарлар өткізілді. Семинарда кафедра оқытушылары түрлі өзекті тақырыпты қозғап, ойларын ортаға салып, тәжірибелерімен бөліседі. Солардың бірі болып, наурыз айында кафедраның тәжірибелі аға оқытушысы М.М.Имангалиевтің өткізген “Компьютерлік ақауларды диагностикалау және анықтау “ тақырыбы бойынша шеберлік класы саналады. Ол алдымен семинар қатысушыларына компьютерлік ақауларды диагностикалау және анықтауды жүзеге асыратын заманауи утилиттер мен бағдарламалар және олардың қызметтері жайында айтып өтті.



Ол утилиттер және олардың қандай қызмет атқаратыны төменде көрсетілген:

1. *CrystalDiskInfo*. Бұл утилитта қатты дискінің айналу жылдамдығын, компьютерді қосу санын, компьютердің жалпы жұмыс уақытын, HDD температурасын, сондай-ақ дискінің техникалық жағдайы мен өнімділігін анықтауға мүмкіндік береді. Егер батырма көк болса және ХОРОШО деп жазылған болса, онда қатты дискінің күйі туралы алаңдамауға болады, ал егер

қызыл батырма мен ТРЕВОГА жазуы болса, HDD диагностика және жөндеу үшін шұғыл шаралар қабылдау керек, әйтпесе өкінішті салдары болуы мүмкін, мысалы, барлық деректерді жоғалту.

2. *EricPen*. Бұл утилитта ноутбукта немесе компьютерде интерактивті тақтаның жұмысын модельдеуге мүмкіндік береді. Оның қарындаш, өшіргіш, қалам, жазу, ақ және қара тақта фоны және т. б. сияқты көптеген құралдар бар.
3. *2007.Office.PDF.XPS*. Microsoft Office 2007 кеңсе бумасы үшін көмекші утилитасы.

Қосымша «Сохранить в формате PDF» батырманы қосуға мүмкіндік береді. Интернетті немесе көмекші түрлендіргіштерді пайдаланбай, мәтіндік құжат немесе кестені PDF форматқа тез аударуға болады.

4. *AMS.Screen.Camera*. Бұл бағдарлама компьютер экранын жазуға және өңдеуге арналған. Ол сабақтарды немесе презентацияларды одан әрі сақтау және өңдеу арқылы жазуға мүмкіндік береді.



5. *Mem.Reduct*. Компьютердің жедел жадын артық қоқыстардан тазартуға арналған қызметтік бағдарлама.
6. *PETST*. Компьютер бөлшектерін диагностика жасайтын бағдарлама.


Сонан соң, кафедра мүшелері осы айтылған утилиттер мен бағдарламалардың әрқайсысымен өз ноутбуктерінде практикалық жұмыстар орындады. Семинар барысында

кафедра оқытушылары компьютерлік ақауларды диагностикалау және анықтау бойынша заманауи бағдарламалармен практикалық жұмыс жасап, тәжірибе жинақтады.

Сәуір айында «Плагиятты болдырмау әдістері» тақырыбында ғылыми-әдістемелік семинардың кезекті отырысы болды. Оны кафедраның аға оқытушы, магистр Иксебаева Ж.С. және аға оқытушы, іскерлікті басқару докторы Багисов Ж.Ж. өткізді. Семинар мақсаты болып компьютермен жұмыс жасауда плагиятты болдырмау әдістері бойынша тәжірибемен бөлісу саналды. Алдымен сөз алған Багисов Ж.Ж. компьютермен жұмыс жасаудағы плагият түрлері және оны болдырмау әдістері жайында кіріспе сөз сөйледі.

Сонан соң, Иксебаева Ж.С. семинарға қатысушыларға Canva қосымшасында жасалған компьютермен жұмыс жасауда плагиятты болдырмау әдістері жайында презентация демонстрациялап, келесі әдістерге тоқталып өтті:

- Синонимдер әдісі
- Онлайн аудармашы әдісі
- Шетел прессасы
- Түсінгенін айту
- Шингл қадамы
- Фразаны қайта жасау
- Мәтінді қайта жазу (рерайт)
- Антиплагият киллер
- Онлайн қайта жазу (рерайтинг)
- Киллер- антиплагият программасы



Семинарды жүргізуші осы әдістің әрқайсысына жеке тоқталып, олардың қалай жүзеге асатынын түсіндірді.

Сонан соң, кафедра оқытушылары, магистрлер Пугачева И.Н., Курмашева Д.Н. ғылыми жұмыстар мен магистрлік диссертацияны антиплагияттан өткізу кезіндегі өз тәжірибелерімен бөлісті.

Семинар барысында қатысушылар жоғарыда айтылған әдістерден басқа да

плагиятты болдырмау туралы ой бөлісіп, алынған

мәліметтерді студенттерге курстық жұмыс және дипломдық жоба жасауда ескеруі қажеттігі жөнінде шешім қабылдады.

Соңғы екі айда өткізген семинарлар туралы мақала сайтқа және Өркен газетіне берілді.

Мақала жарияланған сайт адресі: <https://fim.wku.edu.kz/novosti/18-kafedra-informatiki/366-informatika-kafedrasynda-tkizilgen-ylimi-distemelik-seminarlar>

Кафедраның ҒӘС-ның жетекшісі:



Мухамбетова Ғ.Г.